Қ.Т.Ә - 9 - 04

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі

Тәуелсіздік - ұлт рухының бастауы.

Мен көгінде байрағы желбіреген тәуелсіз Қазақстанның азаматы саналын. Азияның кіндігінде орын тепкен, картадан үлкен орын алған ұлан-байтақ жердің иесі, «қазақ» деген ұлы халық перзентімін. Осындай ұлы халықтың ұлана болу бақытына мен қалай ие болдым? «Тәуелсіздік» деген 11 әріптен тұратын сөздің мағынасы қандай терең, астары қандай кең десеңізші! Ол-өлең, ол-ән, ол-суу-лық, ол-асқақ арман, ол-шалқыған дәулет, көркейген сәулет! Бір ғана сөз бейбітшілік, бақыт, сәттілік, достық сайластыққа жетелейді, жанына шалымдық пен дербестікті ұялатады. Шыңын мәңгі қар басқан биік таулары, сарқырай аққан өзендері, мөлдір сулы көлдері, шет-қиыры көзге көрінбейтін жазық далалары, қойнауында ұлан-асыр кең байлықтары тасып жатқан қуатты өлке Құт мекенінің мәртебесі жоғары, тұғыры биік. Солай дей отырсақ та бүгінгі таңдағы әлем мойындаған Қазақстан мен еркіндікті аңсаумен бостандықта болған Қазақстанды саластыру қиын. «Өз-өзін тапқан адам, өзге адамның пікіріне бағынышты болудан арылады», - деп Георгий Александров айтқандай, еліміздің қашан да тәуелсіздікті аңсап, тәуелсіздік жолында таңбай күресуі нәтижесін-де ешкімнің ықпалына көнбейтін мемлекет болып әлем сахналары-нан көріне бастадық. Дегенмен бізге бұл оңай жолмен келе қойған жоқ. Тамырын тереңге жайған тарихымызға көз жіберсек, еліміздің ел болып қалыптасуына маңдағын жалдар кеткеніне көз жеткіземіз. Жерімізге көз тіккен жоңғарлармен 150 жылға жуық шайқасып, қасық қанымыз қалғанша жерімізді, елімізді "қорғаймыз" деп күресті. «Қайтсек те жауға бермейміз» деген ұранмен қол бастап жауынгерлеріміздің рухын көтергені, Отанына деген махаббатын оятқаны бәрімізге аян. Батыса мен шығыса, оңтүстігі мен солтүстігі түрлі мемлекеттермен астасып жатқан ұлан-ғайыр даланы жат жұртқа бермеу үшін қайтпас қайсар батырла-рымыз жан аямай күресті. Елін жерін жау аяғына таптатпай сол туған жерінің қадамы үшін басын қатерге тіккен ата-ларымыздың бойындағы ерен күш, биік рух жеңіске алып келді.